



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

неэффективных с точки зрения экономики мер, крупные корпорации боятся лишиться доходов, но никто не боится лишить потомков возможности жить на нашей планете. Никто не боится, что скоро Земля станет непригодной и опасной для жизни.

XXI век- это переломный рубеж, когда человек должен осознать силу своего влияния на окружающий мир. Это век, требующий активных и максимально быстрых действий для решения глобальных экологических проблем, ведь если экологический кризис дойдет до точки невозврата, то все накопленные деньги, развитые экономики и самые новые виды оружия станут абсолютно бесполезными. Экологические проблемы требуют совместного, вдумчивого, поступательного, а главное незамедлительного решения.

Список использованных источников:

1. Проект Greenlogia[Электронный ресурс] / Шимкович Е.С. Возможно ли решение современных экологических проблем в глобальном масштабе. 2013. –Режим доступа: URL://<http://Greenlogia.ru>
2. Николайкин Н.И., Николайкина Н.Е., Мелехова О.П. Экология. 3-е изд., стереотип. – М.: Дрофа, 2004
3. [Электронная библиотека] / Перелет Р.А., Экологическая дипломатия. 30.11.2012.- Режим доступа: URL://<http://xserver.ru>
4. Общеобразовательный ресурс[Электронный ресурс] / Мировое (глобальное) потепление на планете Земля. 8.12.2014.- Режим доступа: //<http://worldwarming.info>
5. Ван Гуаньцзюнь. Экологическая дипломатия Китая: история развития и современные проблемы// Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена, № 131, 2011
6. Официальный сайт ООН [Электронный ресурс]/ Окружающая среда. Конвенции и соглашения – Режим доступа: //<http://un.org>
7. Шимова О.С., Соколовский Н.К. Экологическая деятельность ООН и других международных организаций// Основы экологии и экономика природопользования. Учебник. Мн.: БГЭУ, 2002. - 367 с.
8. Русско-немецкое бюро экологической информации[Электронный ресурс] / Публикации. Саммит Земли. – Режим доступа: //<http://rnei.de>
9. Клапцов В.М. Итоги Саммита «РИО+20»// Российский институт Стратегических исследований, 2012
10. Официальный сайт WWF[Электронный ресурс]/«Зеленая» экономика. – Режим доступа: /<http://wwf.ru>
11. 11.Взлеты и падения экологической политики Барака Обамы//Новостное агентство Reuters 11.10.2012
12. 12.Шаройкина Е. Дональд Трамп и глубинная экология// деловая газета «Взгляд» 11.01.2017

УДК 339.9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҮНДІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Махамбетова Томирис

Tomiris0710@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Молдалиева А.И.

Қазақстан мен Үндістан арасында дипломатиялық қатынас 1992 жылдың 23 ақпанында орнады.

1992 жылдың ақпанында Президент Н. Назарбаев Үндістанға бірінші ресми сапармен барып, соның барысында мемлекетаралық қатынастардың негізгі бағыттары мен қағидаттары Декларациясы, дипломатиялық қатынас орнату туралы Хаттама, сауда-экономикалық қатынас, ғылым мен технологиялар, мәдениет пен өнер, білім, бұқаралық ақпарат құралдары мен спорт салаларында ынтымақтасу туралы келісімдерге қол қойылды. [1,63]

Қазақстан мен Үндістан арасындағы экономикалық серіктестіктің 6 перспективті бағыты бар:

1. Ақпаратты технологиялар саласы
2. Мұнай-газ саласы
3. «Солтүсті-Оңтүстік» транспортты коридорының құрылуы
4. Кіші және орта бизнес саласындағы екіжақты серіктестіктің тереңдеуі
5. Үндістанмен сауда-экономикалық қатынастардың нығаюы
6. Туризмнің дамуы

2015 жылы 7-8 шілдеде Астана қ. Қазақ-Үнді бизнес-форумы өтіп, екі мемлекет арасында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық жөнінде «Жол картасына» қол қойылды. Бұл құжатта энергетика, машина жасау, металлургия, ақпараттық технология, химия өнеркәсібі мен фармацевтика салаларының 26 жобасы бар және екі елдің секторлары мен компаниялары арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайды.

Екіжақты ынтымақтастықтың перспективті жобалары қатарында Қазақстанда фотоэлектрлі модулдер шығару бар, кейін олар Үндістандағы күн электр станцияларында пайдаланылады. Және де үнділік капиталдың қатысуымен Қазақстанда бу турбиналы электростанциялар және болат құю зауытын салу қарастырылған.

Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық қазақ-үнді бірлескен комиссиясы екіжақты өзара әрекеттестікті дамыту мен тереңдетудің маңызды құралы болып табылады. Комиссияның он мәжілісі өткізілді, соңғысы 2013 жылы 8-9 қаңтарда Нью-Делиде өтті.

Үндістанның техника-экономикалық ынтымақтастық Бағдарламасы (ИТЕС) желісімен үнділік жетекші ЖОО-да менеджмент, экономика, қаржы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика, су ресурстарын басқару, БАҚ пен компьютерлік технологиялар салаларында қазақстандық мамандар білім алып және біліктілігін жетілдіруде.

Энергетика саласында да Қазақстан мен Үндістан арасындағы ынтымақтастық белсенді дамуда. 2015 жылы маусымда ««Казатомпром» Ұлттық атомдық компания» АҚ мен Үндістан атом энергиясы Департаменті 2015-2019 жж. 5 мың тонна табиғи уран концентратын Үндістанға жеткізу туралы келісімшартқа қол қойды. Келісім шарттарына сәйкес уранның құны нарықтық механизмдерге байланысты болады. Қазіргі кезде Үндістанда 21 ядерлі реактор қызмет етеді және 6-ның құрылысы жүріп жатыр. Елдегі уранның шағын қорына қарамастан, Үндістан тағы 35 атомдық блоктар салмақ. Қазақстанда уранның әлемдік қорының 15%-ы бар және 2009 жылы уран өндіру бойынша жетекші мемлекет болды.

Өткізілген бизнес-форум аясында Қазақстан мен Үндістан «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі жобасын жүзеге асыруда ынтымақтасуға келісті. Қол жеткен келісімге орай, 2014 жылы желтоқсанда пайдалануға енгізілген Қазақстан – Түркіменстан – Иран теміржол қатынасы дәліздің бір бөлігі болады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 492 қазақ-үнді бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. [2]

Үндістан мен Қазақстан арасындағы мұнай-газ саласындағы серіктестік 2001 жылы 22 ақпанда басталды, ҚР Сыртқы істер министрі Ерлан Идрисовтың Нью-Делиге жасаған сапары барысында. OVL үнді компаниясы Каспий теңізіндегі мұнайгаз кен орындарында өндіріс жұмыстарын өткізуге ұсыныс жасады. 2002 жылы OVL игеру үшін «Алибекмола» (15%) және «Құрманғазы» (10%) кен орындарында пайыздық үлеске ие болды. Алайда олар игеруге қолайсыз болды. 2004 жылы Қазақстан Үндістанға Каспийдегі екі аймақты зерттеуге берді – «Махамбет» пен «Сатпаев». 2009 жылы «KazMunayGas» және «ONGS Mittal Energy Limited» (OMEL) арасында «Сатпаев» аймағындағы жұмыс принциптері туралы келісімге қол

қойылды. Біріккен кәсіпорында Үндістанға 25% үлес берілді. Бұл аймақ ауданы 1,482 км кв, ал мұнай қоры 256 млн тонна. 2013 жылы Қазақстан мен Үндістан «Сатпаев» кен орнын игеру ниеттерін құптады. [3]

ҚР Инвестиция мен даму жөніндегі министрліктің деректеріне сәйкес 2005-2014 жж. кезеңінде Үндістаннан Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияның жалпы ағыны 205,6 млн. АҚШ долл. құрады. Қазақстаннан Үндістанға сол көрсеткіш осы кезеңдерде 65,5 млн. АҚШ долл. болды.

Үндістан Еуразиялық экономикалық одақпен еркін сауда аймағын құру туралы келісім жасау мәселелерін қарастыра бастады.

2005 жылы жазда Қазақстанда Үндістанның ең ірі IT-компаниялары жұмыс бастады: 3i-Infotech, Tata Consultancy және NIIT. 2006 жылы қазанда Алматыда үнді NIIT және қазақстандық Lancaster Group компаниялардың біріккен жобасы бойынша ақпараттық технологиялардың бірінші білім беретін орталығы ашылды.

Екі ел арасындағы туризмді дамыту үшін Алматы-Дели-Алматы әуе қатынасы бойынша «Эйр Астана» әуекомпаниясы аптасына ұшу жиілігін 7-ден 21-ге дейін көбейту туралы келіссөздер жүргізуде.

Қазақстан мен Үндістан арасындағы сыртқы сауда айналысы 2014 жылы 1,3 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2013 жыл көрсеткішінен екі есе жоғары. Қазақстаннан жасалған экспорт 3,3 есе өсіп, 1,1 млрд. АҚШ долл. құрады, ал Үндістаннан Қазақстанға жасалған импорт 26,1% төмендеп, 259,9 млн. АҚШ долл. құрады. Сауда теңгерімі оң дәрежеде болып, 823,5 млн. АҚШ долл. болды.

Кесте №1: Қазақстанның Үндістанмен жасаған сыртқы саудасының сауда индикаторы, млн. АҚШ долл.

Көрсеткіш	2010 ж	2011 ж	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
ҚР Үндістанмен сауда айналымы	316,7	290,0	507,4	682,5	1 343,2
<i>Үндістанмен тауар айналымының ҚР жалпы тауар айналымындағы үлес салмағы</i>	<i>0,35%</i>	<i>0,24%</i>	<i>0,38%</i>	<i>0,51%</i>	<i>1,11%</i>
ҚР-дан Үндістанға жасалған экспорт	117,1	46,9	174,0	330,9	1 083,3
<i>ҚР жалпы экспорттың үлес салмағы (%)</i>	<i>0,19%</i>	<i>0,06%</i>	<i>0,20%</i>	<i>0,39%</i>	<i>1,36%</i>
ҚР-на Үндістаннан жасалған импорт	199,6	243,1	333,4	351,6	259,9
<i>ҚР жалпы импорттың үлес салмағы (%)</i>	<i>0,64%</i>	<i>0,66%</i>	<i>0,72%</i>	<i>0,72%</i>	<i>0,63%</i>

2015 жылдың 11 айы бойынша Қазақстан мен Үндістан арасындағы сауда айналымы 440 млн долларды құрды. Қазақстаннан жіберілген тауарлардың ішінде ең үлкен үлеске шикізат пен мұнай өнімдері ие – 174,6 млн долл. Одан басқа асбест – 35 млн долл, және одан басқа

темір, кептірілген ноқат, феррохромдар және нафталин.

Үндістаннан әкелінген импорттың ішінде дәрі-дәрмектер, шай, кофе, киім, жабдықтар, табак, цемент, шиналар және қақпақтар, аяқ киім және асшаяндар болды. [4]

Осылай, Қазақстан мен Үндістан арасындағы сауда-экономикалық қатынастар бірнеше бағыт бойынша қарқынды дәрежеде дамуда. Екі ел де осы қатынастың кеңею мен ұлғаюына үлес қосуға дайын. Егер байланыс екпіні сондай шапшаң қалса, онда жақын болашақта жаңа ірі жобалардың іске асу мүмкіндігі сөзсіз артады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы сауда-экономика, ғылым және технология салаларындағы серіктестік туралы келісім. Нью-дели, 22 ақпан 1992ж. // Қазақстан Республикасының халықар. Келісімдер бюлл. – 2003, №10
2. http://export.gov.kz/kz/page-487-ekizhakti_sauda_men_intimaktastik
3. <http://www.zakon.kz/209895-kazakhstan-peredal-indii-25-v-proekte.html>
4. <https://lsm.kz/kazakhstan-pokupaet-u-indii-lekarstva-i-krevetki-infografika>

ӘОЖ 327.7:(5-191.2)

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСАТЫ

Мәметай Мәдина Абдуллақызы

abdullaevna_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық қатынастар факультеті,

Аймақтану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – П. Қилыбаева

Орталық Азия тарихи тұрақтылығы жағынан барлық Еуразия континентінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әлемнің маңызды геосаяси аймақтарының бірі болып табылады. Еуроодақ Орталық Азияға қатысты ұстанымдарын кеш білдіре бастады, сондықтан, ЕО-қа Орталық Азиямен ұзақ уақыттық ынтымақтастық тән емес. Дегенмен, оған бірнеше себептер бар: біріншіден, Ауғанстандағы қақтығыс пен ЕО-ның тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауы; екіншіден, 2005 – 2006 жылдардан бастап Еуроодақтың энергия ресурстарын диверсификациялау күш жігері байқалды. ЕО-ның Орталық Азияға қатысты саясатындағы негізгі мәселелер – энергетика, тұрақтылық және қауіпсіздік. ЕО-тың Орталық Азиядағы мүддесін екіге бөліп қарастырса болады:

1. Энергетика;
2. Аймақтағы тұрақтылықты сақтау.

КСРО құлаған сәттен бастап Орталық Азия (барлық посткеңестік кеңістік секілді) – «саяси Еуропаның» бір бөлігі, яғни ЕО-ң геостратегиялық қызығушылығының аясына кіретін аймақ. Барлық посткеңестік елдердің ЕҚЫҰ-на мүшелілігі осындай амалға негіз болатын бірінші себеп.

Еуропалық сарапшылардың пікірінше, Орталық Азия жер шарының барлық негізгі державалары қызығушылық танытатын бірден бір жер: солтүстіктен Ресей, шығыстан Қытай, оңтүстіктен Оңтүстік Азия елдері және батыстан Еуропа, және де, әрине, АҚШ-тың саяси қатысуы.

2007 жылдың бірінші жартысында Германия кезек бойынша ЕО Кеңесінің төрағасы мансабын иеленді. Оның төрағалығының күн тәртібіндегі басты міндеті – Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы саясатын қайта қарау және қайта тұжырымдау болды [1]. 2007 ж. маусымда ЕО Кеңесі Орталық Азия бойынша, негізінен герман тарапымен дайындалған, жаңа Стратегиялық құжатты қабылдады. Ол аймақтағы еуропалық саясаттың кемшіліктері мен оң жақтарын көрсетеді. 2007 ж. 31 мамырда дайындалған және «ЕО және Орталық Азия: